

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Чункенова Сымбат Сабитовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін
кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	1.1. Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жетілдірудің басым бағыттарының айқындалуымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарда болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қойылатын талаптардың артуы С.С. Чункенованың диссертация тақырыбының мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келетінін дәлелдейді. 1) Диссертациядағы көтеріліп отырған мәселе диссертант тарапынан арнайы қаржыландырылған жоба ретінде алынбаса да, бүгінгі таңда болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру мәселесінің осы кезге дейін арнайы зерттеу нысанына алынбағаны да бұл жұмыстың өзектілігін дәлелдейді. 2) Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым мен жоғары білім министрінің 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 бұйрығына сай бекітілген «Педагог» кәсіптік стандартындағы педагог мамандығына қойылған талаптарындағы 2-міндет: «...біртұтас құндылықтарды қабылдау арқылы тұлғаның құндылық-болмыс саласын кеңейту және нығайту» деп көрсетілген. 3) С.С. Чункенованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.

2. Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация авторының зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми-тәжірибелік нәтижелері педагогика ғылымына, әсіресе болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығында оның тұлғалық болмысын қалыптастыру ісіне елеулі үлес қосады. Өйткені: <i>Біріншіден</i>, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы елеулі өзіндік үлесін қосады. Мұны диссертанттың болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруды педагогикалық проблема ретінде қарауынан, «Кәсіби іс-әрекетке даярлау» және «тұлғалық болмысты қалыптастыру» түсініктерінің мәніне жасаған талдауларынан және соның нәтижесінде жасаған ой-тұжырымдарынан көруге болады. <i>Екіншіден</i>, диссертанттың зерттеуі арқылы ғылымға қосқан келесі үлесі - болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауы. Модельде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, кезеңдері мен деңгейлері және нәтижесі дәлелді ұсынылған. <i>Үшіншіден</i>, зерттеудің практикалық маңыздылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесін құрайтын «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» элективті курсы бағдарламасының жаңа тақырыптармен толықтырылуынан және болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесінің жасалуынан көрініс тапқан. <i>Төртіншіден</i>, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тексерілген, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.
3. Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Зерттеу жұмысы дербес орындалған, өзекті проблеманың шешімін қарастырған, толық

		2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	және аяқталған біртұтас жұмыс болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Барлық талданған ақпараттар дербес әрі түсінікті, мағыналық құрылым сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде: қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің жеткіліксіздігін, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға ғылыми-негізделген тәсілдерді құру қажеттілігі және аталған мәселенің әдіснамалық зерттеулерінің болмауын; ғылыми - әдістемелік деңгейде кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін өзіндік оқу-танымдық қызметін өзектендіру қажеттілігі мен осы үрдісті ғылыми-педагогикалық қамтамасыз етуде арнайы әдістеменің жоқтығы т.б. мәселелерді айқындап, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздей білген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, 136 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертацияның тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертация жұмысына қатысты қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі растайды. Диссертацияда зерттеуші төрт міндет айқындап, олардың шешімін таба білген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан. Зерттеу ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін білдіреді. Өзара байланысты және өзара тәуелді көрсеткіштерді пайдалану, өз нәтижелерін егжей-тегжейлі талдау жұмысты толық мәнді етеді.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, докторант, ғалымдардың еңбектеріндегі әдістер) дәлелденіп, мәселелерді заманауи сұранысқа сай сыни бұрыннан белгілі талдау негізінде салыстырып, диссертациялық шешімдермен салыстырылып жұмыстың мазмұнын көрсететін өз шешімдерін бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара құрылымдық-мазмұндық моделін бір жүйеге жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық зерттеу жұмысында (қағидаттар, докторант, ғалымдардың еңбектеріндегі мәселелерді заманауи сұранысқа сай сыни талдау негізінде салыстырып, диссертациялық жұмыстың мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынып, дәлелдеген және студенттердің тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін бір жүйеге келтіріп, сыни талдаулар жасаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докторант С.С. Чункенованың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Бірінші ғылыми нәтижесі – болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы толығымен жаңа болып табылады. Екінші ғылыми нәтижесі – «кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» ұғымдарының мәні анықталып, құрылымы нақтылануы толығымен жаңа болып табылады. Үшінші ғылыми нәтиже – болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалуы толығымен жаңа болып табылады. Төртінші ғылыми нәтиже – кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру әдістемесінің жасалуы және оның тәжірибеге ендірілуі толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияның негізгі қорытындылары төмендегідей: - <i>бірінші қорытынды</i>: болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы бойынша. Бұл қорытынды толығымен жаңа болып табылады. - <i>екінші қорытынды</i> бойынша докторант «кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» түсінігінің мазмұнын анықтап, құрылымын нақтылаған. Бұл қорытынды толығымен жаңа болып табылады. - <i>үшінші қорытынды</i> ретінде диссертант болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын

			қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған. Бұл қорытынды толығымен жаңа болып табылады. - <i>төртінші қорытынды бойынша</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру әдістемесі толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертант ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру жұмыстарының ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдарымен дәйектелген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды негізделген дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	Диссертацияда қағидаттар толығымен дәлелденген деуге болады. Себебі, қағидаттар зерттеудің нақты міндеттемелерінен туындайтын нәтижеден шығады. Жұмыс тривиалды емес, себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру мәселесінің зерттелуі жаңа нәтижелермен дәлелденген. Қағидат – жаңа: зерттеудің нақты міндеттері бойынша алынған әрбір нәтиже жаңа, сондықтан қорғауға ұсынылатын жаңалық деп атауға болады. Зерттеу жұмысының алдағы уақытта қолданылу деңгейі кең деп есептеймін, себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру ауқымы кең мәселе болып табылады. Аталған мәселені «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаларының студенттері, магистранттары, докторанттары, бастауыш сынып мұғалімдері, ЖОО және колледж оқытушылары қолдануға болады деп тұжырымдаймыз.

		2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Зерттеу жұмысының негізгі идеялары, әдістері, принциптері, жасалған талдаулары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы ізденушінің халықаралық, республикалық, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген. Зерттеу нәтижелері бойынша 16 ғылыми-әдістемелік жұмыс жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала халықаралық рецензияланатын (WoS, Scopus) ғылыми журнал басылымында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда, 6 мақала шетелдік басылымдарда, 7 мақала халықаралық, республикалық және аймақтық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланған, 1 оқу-әдістемелік құралы әзірленіп І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сайтына жүктелген, 1 авторлық куәлік иеленген, диссертацияда принциптер дәлелді тұжырымдалған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Докторант С.С.Чункенованың диссертациялық жұмысындағы материалдар дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеудің теориялық негізіне кәсіби даярлау, кәсіби іс-әрекет, болмыс, тұлға теориясы, ал әдістемелік негізіне жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, тұлғалық тұғыр және құзыреттілік тұғырлары мен қағидалары ғылыми тұрғыда негізделген. С.С.Чункенова ғылыми әдістерді пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған. Зерттеу нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияның көмегімен диаграммалар құрылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген	Теориялық қорытындылар І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеттерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденген. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері

		және расталған оң динамиканы көрсетеді. (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға қатысты психологиялық, педагогикалық, философиялық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және алыс- жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар Scopus, Web of Science деректер қорына енетін журналдар, ҚР ҒжЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 136 әдебиетті құрайды.
9	Практика-лық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар: - Зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Диссертацияда жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, тұлғалық тұғыр және құзыреттілік тұғырлар негізінде ғылыми тұжырымдар жасалған. - «Кәсіби іс-әрекетке даярлау» және «тұлғалық болмысты қалыптастыру» түсінігінің мазмұны нақтыланып, олардың құрылымдық ерекшеліктері жүйеленген. - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру үдерісіне енгізудің психологиялық-педагогикалық негіздері ғылыми тұрғыда дәлелденген. - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның негізгі компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталған. Бұл модель ұлттық педагогикалық мұраны қазіргі білім беру жүйесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.	Зерттеу нәтижесінде «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курс бағдарламасы зерттеу тақырыбына сәйкес арнайы тақырыптармен толықтырылған. Аталған курс болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау үдерісінде оның тұлғалық болмысын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке бейімдеуде тұлғалық болмысын тәрбиелеу» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып, оны педагогикалық білім беру үдерісін ұйымдастыруда қолдану ұсынылған. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстар нәтижесінде алынған ғылыми-практикалық мәліметтер жоғары оқу орындарының базасында болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u>.	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар: 1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, педагогикалық білім беру жүйесінде қолдануға ұсынылған. Бұл модель болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дайындалған әдістемелік нұсқаулар мен оқу бағдарламалары педагогикалық жоғары оқу орындарында қолдануға толық негізделген. Ұсынылған практикалық шешімдер толығымен жаңа. 2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық болмысын қалыптастыруға арналған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» элективті курсы мен «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке бейімдеуде тұлғалық болмысын тәрбиелеу» оқу-әдістемелік құралы жасалып, оқу үдерісіне енгізу ұсынылған. Бұл оқу құралдары педагогикалық білім беру бағдарламаларын толықтыруда жаңа бағыт қалыптастырады. Ұсынылған әдістемелік құралдар толығымен жаңа. 3. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруды оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің арнайы әдістемесі жасалып, оның


			тиімділігі дәлелденген. Өзірленген әдістеме оқу бағдарламалары мен педагогикалық тәжірибеде қолдану үшін ұсынылады. Бұл ұсыныс толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс ғылыми стильде орындалған, диссертацияға қойылған талаптарға сәйкес ресімделген. Жұмыстың мағынасын түсіну осы білім саласындағы маманға қол жетімді. Академиялық жазудың сапасы жоғары.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс мазмұндық тұрғыдан тыңғылықты әзірленген, дегенмен мәтінде назар аударуды қажет ететін стильдік және техникалық тұстар кездеседі.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалалары жоғары ғылыми деңгейде орындалған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс мазмұнын негізге ала отырып, Чункенова Сымбат Сабитовна 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иеленуге толық лайық деп есептеймін.

Зеттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің маңыздылығын ескере отырып, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби

іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру» тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмыс ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келетіндіктен докторант Чункенова Сымбат Сабитовна 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Халықаралық туризм және
меймандостық университетінің
профессоры, педагогика
ғылымдарының докторы



Б.Т. Ортаев

